Ext. source All screens	Мониторда тек сыртқы кескін көрсетіледі.	

5-м. 5.29-кесте

ЕСКЕРТУ


Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 177-бетіндегі «■ PIP немесе POP параметрін пайдалану керектігін орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «PIP» күйі таңдалатынын тексеріңіз.

- 1 «PIP display mode» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Info. > PIP/POP» қойындысындағы «PIP display mode» түймесін түртіңіз.



5.112-сурет








- 2 «PIP display mode» параметрінің күйі ауысып, «PIP display mode» түймесінде көрсетіледі.



5.113-сурет

■ POP дисплей режимін өзгерту

Бұл операцияда мониторда көрсетілген сыртқы кіріс кескінінің күйін ауыстырыңыз.

PIP/POP құрылғы таңдау параметрінің мәні	Күйі	Сипаттама	
CV	Ext. source right screen	Осы құралға енгізілген сыртқы кескін оң жақ экранда көрсетіледі.	 <p>Эндоскоп-ялық кескін</p> <p>Сыртқы кескін</p>
	Ext. source left screen	Осы құралға енгізілген сыртқы кескін сол жақ экранда көрсетіледі.	 <p>Сыртқы кескін</p> <p>Эндоскоп-ялық кескін</p>
	Ext. source All screens	Осы құралға енгізілген тек сыртқы кескін мониторда көрсетіледі.	 <p>Сыртқы кескін</p>
Monitor	Ext. source right M, Ext. source right S, Ext. source right L	Мониторға енгізілген сыртқы кескін оң жақ экранда көрсетіледі. Оң жақ экранның өлшемін үш деңгейде ауыстырыңыз: S, M және L.	 <p>Эндоскоп-ялық кескін</p> <p>Сыртқы кескін</p>
			 <p>Эндоскоп-ялық кескін</p> <p>Сыртқы кескін</p>
			 <p>Эндоскоп-ялық кескін</p> <p>Сыртқы кескін</p>
	Ext. source All screens	Осы құралға енгізілген тек сыртқы кескін мониторда көрсетіледі.	 <p>Сыртқы кескін</p>

5-т.


5.30-кесте

ЕСКЕРТУ

- Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 177-бетіндегі «■ PIP немесе POP параметрін пайдалану керектігін орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «POP» күйі таңдалатынын тексеріңіз.
- Орнату нұсқаулығының 310-бетіндегі «■ PIP/POP құрылғысын орнату» бөліміндегі параметр мәніне сәйкес «CV» немесе «Monitor» параметрін ауыстыруға болады.
- Өзгертілетін күй орнату нұсқаулығының 310-бетіндегі «■ PIP/POP құрылғысын орнату» бөліміндегі параметр мәніне байланысты.


- 1 «POP display mode» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Info. > PIP/POP» қойындысындағы «POP display mode» түймесін түртіңіз.

5-м.



5.114-сурет

- 2 «POP display mode» параметрінің күйі ауысып, «POP display mode» түймесінде көрсетіледі.



5.115-сурет

■ PIP қосалқы экранының дисплей өлшемін ауыстыру

Бұл операцияда сыртқы кіріс кескіннің қосалқы экран дисплей өлшемін ауыстырыңыз.

Күйі	Сипаттама
Large, Small	PIP дисплейі үлкен және кіші арасында ауыстыруға болғанда, мониторда қосалқы экранның дисплей өлшемі көрсетілуі қажет.

5.31-кесте

ЕСКЕРТУ


- Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 177-бетіндегі «■ PIP немесе POP параметрін пайдалану керектігін орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «PIP» күйі таңдалатынын тексеріңіз.
- Егер 180/260 сериялық эндоскопты пайдалансаңыз, PIP қосалқы экраны кейбір хабарларды жасыруы мүмкін. Бұл жағдайды болдырмау үшін, дисплей өлшемін «Small» күйіне орнатыңыз.

- 1 «Sub screen size» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Info. > PIP/POP» қойындысындағы «Sub screen size» түймесін түртіңіз.



5.116-сурет

- 2 «Sub screen size» параметрінің күйі ауысып, «Sub screen size» түймесінде көрсетіледі.



5.117-сурет

5-м.

■ PIP экранын көрсетіліп тұрғанда сыртқы бейне кіріс терминалын ауыстыру

Бұл операцияда PIP экранын көрсету барысында сыртқы бейне кіріс терминалын ауыстырыңыз.


PIP/POP құрылғысын таңдауға арналған параметр мәні	Monitor type	Күйі	Сипаттама
CV	—	PIP, HD/SD (SDI), Y/C	PIP режимінде көрсетілген сыртқы бейнені осы құралдың терминалына берілетін сырты бейнеге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне мониторда PIP ретінде көрсетіледі.
Monitor	OEV261H	SDI1, SDI2, DVI1, DVI2, RGB, Y/C, VIDEO, HD15	PIP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV261H) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда PIP ретінде көрсетіледі.
	OEV262H	SDI1, SDI2, DVI1, DVI2, Y/C, VIDEO, HD15	PIP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV262H) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда PIP ретінде көрсетіледі.
	OEV321UH	3G-SDI (HD/SD), 12G-SDI1 (4K/HD), 12G-SDI2 (4K/HD), DVI-D, Display Port, HDMI	PIP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV321UH) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда PIP ретінде көрсетіледі.

5.32-кесте

ЕСКЕРТУ

- Орнату нұсқаулығының 177-бетіндегі «■ PIP немесе POP параметрін пайдалану керектігін орнату» бөліміндегі параметр мәні «PIP» күйінде болғанда PIP күйін пайдалануға болады.
- Өзгертілетін күй жүйе параметрлерінде «Select PIP/POP device» және «Monitor type» бөлімінде орнатылған параметр мәндеріне байланысты.

- 1 «Home > Function list > Info. > PIP/POP» қойындысындағы «POP input» түймесін түртіңіз.



5.118-сурет

- 2 Көрсету қажет кескін кіретін терминалдың түймесін таңдап, түртіңіз, содан соң «Close» түймесін түртіңіз.



5.119-сурет

- 3 «PIP input» параметрінің күйі ауысып, «PIP input» түймесінде көрсетіледі.



5.120-сурет

5-м.

■ POP экранын көрсету барысында сыртқы бейне кіріс терминалын ауыстыру

Бұл операцияда POP экраны көрсетіліп тұрғанда сыртқы бейне кірісі терминалын ауыстырыңыз.


PIP/POP құрылғысын таңдауға арналған параметр мәні	Monitor type	Күйі	Сипаттама
CV	–	PIP, HD/SD (SDI), Y/C	POP режимінде көрсетілген сыртқы бейнені осы құралдың терминалына берілетін сырты бейнеге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне мониторда POP ретінде көрсетіледі.
Monitor	OEV261H	SDI1, SDI2, DVI1, DVI2, RGB, Y/C, VIDEO, HD15	POP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV261H) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда POP ретінде көрсетіледі.
	OEV262H	SDI1, SDI2, DVI1, DVI2, Y/C, VIDEO, HD15	POP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV262H) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда POP ретінде көрсетіледі.
	OEV321UH	3G-SDI (HD/SD), 12G-SDI1 (4K/HD), 12G-SDI2 (4K/HD), DVI-D, Display Port, HDMI	POP режимінде көрсетілген сыртқы кескінді мониторға (OEV321UH) берілген сыртқы кескінге ауыстырады. Таңдалған терминалға берілген сыртқы бейне бақылау мониториянда POP ретінде көрсетіледі.

5.33-кесте

ЕСКЕРТУ

- Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 177-бетіндегі «■ PIP немесе POP параметрін пайдалану керектігін орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «POP» күйі таңдалатынын тексеріңіз.
- Өзгертілетін күй жүйе параметрлерінде «Select PIP/POP device» және «Monitor type» бөлімінде орнатылған параметр мәндеріне байланысты.

- 1 «Home > Function list > Info. > PIP/POP» қойындысындағы «POP input» түймесін түртіңіз.




5.121-сурет

- 2 Көрсету қажет кескін кіретін терминалдың түймесін таңдап, түртіңіз, содан соң «Close» түймесін түртіңіз.



5.122-сурет

- 3 «POP input» параметрінің күйі ауысып, «POP input» түймесінде көрсетіледі.



5.123-сурет

5-м.

5.10 Қашықтан басқару құралындағы перифериялық жабдықты басқару функциясы

■ Берілетін газдың түрін таңдау

Бұл операцияда берілетін газдың түрін таңдаңыз.

Параметр мәні	Сипаттама
Air	Ауа жіберілуде.
CO ₂	CO ₂ жіберілуде.

5.34-кесте

ЕСКЕРТУ

Орнату нұсқаулығының 306-бетіндегі «■ Пайдаланылатын эндоскопиялық CO₂ реттеу блогын орнату» бөліміндегі параметр мәні «UCR» күйінде болғанда, «CO₂ gas» параметрін таңдауға болады.

5-т.

- 1 «Supply type» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Pump» қойындысындағы «Supply type» түймесін түртіңіз.



5.124-сурет

- 2 «Supply type» параметрінің күйі ауысып, «Supply type» түймесінде көрсетіледі.



5.125-сурет

■ Газ беруді ON/OFF күйіне орнату

Бұл операцияда газды беріңіз.

Күйі	Сипаттама
ON	Газ беріңіз.
OFF	Газ беруді тоқтатыңыз.

5.35-кесте

ЕСКЕРТУ


- Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 135-бетіндегі «■ Берілетін газ түрін (ауа/CO₂) орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «Air» күйі таңдалатынын тексеріңіз.
- Егер жарық өткізгіш осы құралға жалғанса, «ON» параметрінің орнына «Standby» параметрі көрсетіледі.

- 1 «Air flow» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Pump» қойындысындағы «Air flow» түймесін түртіңіз.



5.126-сурет

- 2 «Air flow» параметрінің күйі ауысып, «Air flow» түймесінде көрсетіледі.



5.127-сурет

5-м.

■ CO₂ параметрін ON/OFF күйіне орнату

Осы құралдан UCR мүмкіндігін пайдалану арқылы CO₂ параметрін ON/OFF күйіне орнату

ЕСКЕРТУ

CO₂ параметрін ON/OFF күйіне орнатқанда, беру күйі сенсорлық панельде көрсетілмейді. Мониторда CO₂ беру күйін тексеруге болады.

- 1 «CO₂ flow» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Pump» қойындысындағы «CO₂ flow» түймесін түртіңіз



5.128-сурет

5-м.

- 2 CO₂ жіберілуде.

■ Газ беру қысымын ауыстыру

Бұл операцияда газ беру қысымын ауыстырыңыз.

Параметр мәні	Сипаттама
High, Medium, Low	Ауа қысымын үш деңгейде ауыстырыңыз: төмен, орташа және жоғары.

5.36-кесте

ЕСКЕРТУ


Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 135-бетіндегі «■ Берілетін газ түрін (ауа/CO₂) орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «Air» күйі таңдалатынын тексеріңіз.

- 1 «Air flow level» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Pump» қойындысындағы «Air flow level» түймесін түртіңіз.



5.129-сурет

- 2 «Air flow level» параметрінің күйі ауысып, «Air flow level» түймесінде көрсетіледі.



5.130-сурет

5-m.

■ CO₂ беру қысымын өзгерту

Қолжетімді емес.

■ Су сорғысын ON/OFF күйіне орнату

Бұл операцияда су сорғысын ON/OFF күйіне орнатыңыз. Су бергенде, OLYMPUS шаю сорғысының пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

Параметр мәні	Сипаттама
ON	Эндоскоптың алшақ ұшынан су беріңіз.
OFF	Су беруді тоқтату.


5.37-кесте

ЕСКЕРТУ

- Егер су беру күйі ауыстырылмаса, ол сенсорлық панельде көрсетілмейді. Мониторда көрсетілген белгіше арқылы оны тексеруге болады.
- Эндоскоп осы құралға жалғанбағанда, су сорғысын ҚОСУ және ӨШІРУ мүмкін емес.

5-т.

- 1 «Flushing pump» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Pump» қойындысындағы «Flushing pump» түймесін түртіңіз.



5.131-сурет

- 2 Су беру басталады немесе тоқтайды.

■ Су сорғысының су беру мөлшерін ауыстыру

Қолжетімді емес.


■ Монитор кірісін ауыстыру

Бұл операцияда монитормда көрсетілетін кескінді ауыстырыңыз.

Монитор түрінің Параметр мәні	Күйі	Сипаттама
OEV261H	SDI1, SDI2, DVI-D1, DVI-D2, Y/C, VIDEO, HD15, RGB	Көрсету қажет бейне кіретін монитордың (OEV261H) терминалына ауыстырыңыз. Ауыстырылған терминалға кірген сыртқы кескін монитормда көрсетіледі.
OEV262H	SDI1, SDI2, DVI-D1, DVI-D2, Y/C, VIDEO, HD15	Көрсету қажет бейне кіретін монитордың (OEV262H) терминалына ауыстырыңыз. Ауыстырылған терминалға кірген сыртқы кескін монитормда көрсетіледі.
OEV321UH	3G-SDI, 12G-SDI1, 12G-SDI2, DVI-D, Display Port, HDMI	Көрсету қажет бейне кіретін монитордың (OEV321UH) терминалына ауыстырыңыз. Ауыстырылған терминалға кірген сыртқы кескін монитормда көрсетіледі.


5.38-кесте

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals» қойындысындағы «Monitor input» түймесін түртіңіз.



5.132-сурет

- 2 Түсті бейне принтерінің кескіні кіретін терминалдың түймесін таңдап, түртіңіз, содан соң «Close» түймесін түртіңіз.




5.133-сурет

5-м.

5.10 Қашықтан басқару құралындағы перифериялық жабдықты басқару функциясы

- 3** «Monitor input» параметрінің күйі ауысып, «Monitor input» түймесінде көрсетіледі.



5.134-сурет

5-м.


■ Түсті бейне принтерінің параметрлерін өзгерту

Бұл операцияда түсті бейне принтерінің параметрлерін өзгертіңіз.

ЕСКЕРТУ


Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығындағы 299-бетіндегі «■ Пайдаланылатын түсті бейне принтерін орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін пайдаланылатын жабдық таңдалатынын тексеріңіз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals» қойындысындағы «Video printer» түймесін түртіңіз.



5.135-сурет

- 2 «Video printer» экраны көрсетіледі.



5.136-сурет

5-м.


○ Басып шығарылатын парақтар санын орнату

Бұл операцияда басып шығарылатын парақтардың санын орнатыңыз.

Күйі	Сипаттама
1 to 10	Басып шығарылатын парақтардың санын 1 және 10 аралығынан таңдаңыз.


5.39-кесте

- 1 «Image to print» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Image to print» түймесінің минус түймесін немесе плюс түймесін түртіңіз.



5.137-сурет

- 2 «Image to print» параметрінің саны ауысып, «imaged to print» түймесінде көрсетіледі.



5.138-сурет

5-м.

○ Бір бет үшін басып шығарылатын кескіндердің санын орнату

Бұл операцияда бір бет үшін басып шығарылатын кескіндердің санын орнатыңыз.


ЕСКЕРТУ

Пайдаланылып жатқан түсті бейне принтеріне байланысты кейбір параметр мөндері қолжетімді емес. Қосымша мәліметтерді жалғанған түсті бейне принтердің пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

Күйі	Сипаттама
1	Бір парақ үшін 1 кескін басып шығару.
2	Бір парақ үшін 2 кескін басып шығару.
4	Бір парақ үшін 4 кескін басып шығару.
8	Бір парақ үшін 8 кескін басып шығару.


5.40-кесте

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Images per page» түймесін түртіңіз.



5.139-сурет


- 2 «Images per page» түймесін таңдап, түртіңіз, содан соң «OK» түймесін түртіңіз.



5.140-сурет

5-м.

- 3 Бір бет үшін басып шығарылатын кескіндердің саны «Image per page» түймесінде көрсетіледі.




5.141-сурет

○ Жад бетін өзгерту

Бұл операцияда түсті бейне принтерінің жад бетін өзгертіңіз. Мәліметтерді түсті бейне принтерінің орнату нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Select page» түймесін түртіңіз.




5.142-сурет

- 2 Түсті бейне принтерінің жад беті ауысады.

○ Көрсетілетін кескінді ауыстыру

Бұл операцияда, түсті бейне принтерге тасымалданып жатқан кескін мен түсті бейне принтерінде сақталған кескін арасында ауыстырыңыз. Мәліметтерді түсті бейне принтерінің нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Input switching» түймесін түртіңіз.




5.143-сурет

- 2 Монитордағы кескіндер ауысады.

○ Кескінді жою

Бұл операцияда түсті бейне принтерінде сақталған кескіндерді жойыңыз. Мәліметтерді түсті бейне принтерінің нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Clear image» түймесін түртіңіз.




5.144-сурет

- 2 Түсті бейне принтерінде сақталған кескіндер жойылады.

○ Кескін түсірудің орнын өзгерту

Бұл операцияда, түсті бейне принтерінде жазылуы керек кескін түсірудің орны болып табылатын жад көрсеткішінің орнын өзгертіңіз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Chg. Captr. position» түймесін түртіңіз.



5.145-сурет


- 2 Түсті бейне принтерінің жад көрсеткішінің орны ауысады.

5-м.

○ Түсіру және басып шығару

Бұл операцияда, кескінді түсті бейне принтеріне басып шығарылатын фотосурет ретінде сақтаңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Capture w/ print» түймесін түртіңіз.



5.146-сурет


- 2 Кескін түсті бейне принтеріне сақталады. Түсірілген кескіндердің саны бір бет үшін басып шығарылуы керек кескіндердің санына жеткенде, кескіндер автоматты түрде басып шығарылады.

5-т.

○ Басып шығарусыз түсіру

Бұл операцияда, кескінді түсті бейне принтеріне фотосурет ретінде басып шығарусыз сақтаңыз. Мәліметтерді түсті бейне принтерінің нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Capture w/o print» түймесін түртіңіз.




5.147-сурет

- 2 Кескін түсті бейне принтеріне сақталады.

○ Басып шығару

Бұл операцияда түсті бейне принтеріне сақталған кескінді басып шығарыңыз. Мәліметтерді түсті бейне принтерінің нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > Video printer» қойындысындағы «Print» түймесін түртіңіз.



5.148-сурет

- 2 Түсті бейне принтерінде сақталған кескін басып шығарылады.

5-м.



■ Түсті бейне принтерді басқаратын құрылғыны ауыстыру

Бұл операцияда түсті бейне принтерін басқаратын құрылғыны ауыстырыңыз.

Күйі	Сипаттама
CV: Unlock CVP: Locked	Осы құралдан түсті бейне принтерін басқарыңыз. Түсті бейне принтерден түсті бейне принтерді басқару мүмкін емес.
CV: Locked CVP: Unlock	Түсті бейне принтерден түсті бейне принтерді басқарыңыз. Осы құралдан түсті бейне принтерін басқару мүмкін емес.


5.41-кесте

ЕСКЕРТУ

Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 304-бетіндегі «■ Түсті бейне принтері үшін қашықтан басқару құралын орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін «ON» күйі таңдалатынын тексеріңіз.


5-м.

- 1 «Video printer remote lock» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals» қойындысындағы «Video printer remote lock» түймесін түртіңіз.



5.149-сурет

- 2 «Video printer remote lock» параметрінің күйі ауысып, «Video printer remote lock» түймесінде көрсетіледі.



5.150-сурет


■ UPD-3 параметрлерін өзгерту

Бұл операцияда UPD-3 құрылғысындағы әрбір параметр элементін ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТУ


Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 319-бетіндегі «■ Пайдаланылатын эндоскоп орнын анықтау блогын орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін пайдаланылатын жабдық таңдалатынын тексеріңіз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab» қойындысындағы «UPD ScopeGuide» түймесін түртіңіз.



5.151-сурет

- 2 «UPD ScopeGuides» экраны көрсетіледі.




5.152-сурет

5-м.

○ Эндоскоп моделін айналдыру

Бұл операцияда эндоскоп моделін айналдырыңыз. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Rotate left» немесе «Rotate right» түймесін түртіңіз.



5.153-сурет


- 2 «Scope model» бөлімі айналады.

5-м.

○ Эндоскоп күйін орнату

Бұл операцияда эндоскоп моделін көрсету үшін күйді орнатыңыз. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Scope position» түймесін түртіңіз.




5.154-сурет

- 2 Эндоскоп моделін көрсету күйі орнатылады.

○ Эндоскоп моделінің экран дисплейін ауыстыру

Бұл операцияда эндоскопты анықтау блогына арналған эндоскоп моделінің экран дисплейін 2 экрандық дисплей және 1 экрандық дисплей арасында ауыстыруға болады. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Split screen» түймесін түртіңіз.




5.155-сурет

- 2 Эндоскоп моделінің экран дисплейі ауыстырылады.

○ Эндоскоп моделінің күйін қайта орнату

Бұл операцияда эндоскоп орнын анықтау блогына арналған эндоскоп моделін орнату күйіне қайта орнатыңыз. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Reset» түймесін түртіңіз.



5.156-сурет


- 2 Эндоскоп моделі әдепкі күйге қайта орнатылады.

5-м.

○ Эндоскоп моделін масштабтау

Бұл операцияда эндоскоп орнын анықтау блогына арналған эндоскоп моделін масштабтаңыз. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Zoom out» немесе «Zoom in» түймесін түртіңіз.



5.157-сурет


- 2 Эндоскоп моделінің өлшемі өзгереді.

5-м.

○ Белгілеу датчигін белгілеу

Бұл операцияда эндоскоп орнын анықтау блогының белгілеу үлгісін белгілеңіз. Мәліметтерді эндоскоптың күйін анықтау блогының нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Peripherals tab > UPD ScopeGuide» қойындысындағы «Bookmark» түймесін түртіңіз.




5.158-сурет

- 2 Белгілеу датчигі белгіленеді.

■ Мониторда ультрадыбыс кескінін көрсету

Осы құрал EVIS EUS эндоскопиялық ультрадыбыс орталығымен тіркесімде пайдаланылғанда, ультрадыбыс орталығы бақылау мониторында көрсетілуі мүмкін. EVIS EUS эндоскопиялық ультрадыбыс орталығын пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдаланыңыз.




5-м.

5.159-сурет

ЕСКЕРТУ

«EVIS/US mode» түймесі қолжетімді емес.



5.160-сурет


■ Ультрадыбыс кескінін қатыру

Бұл операцияда ультрадыбыс кескінін қатырыңыз.

ЕСКЕРТУ

Бұл операцияны орындау үшін, орнату нұсқаулығының 311-бетіндегі «■ Пайдаланылатын эндоскопиялық ультрадыбыс орталығын орнату» бөлімінде көрсетілген параметр үшін пайдаланылатын жабдық таңдалатынын тексеріңіз.

- 1 «Home > Function list > Pump/peripheral > Ultrasound center» қойындысындағы «US Freeze» түймесін түртіңіз.



5.161-сурет

- 2 Ультрадыбыстық кескін қатып қалған немесе тікелей кескінге қайтару үшін қатырудан бас тартылады.

■ Ультрадыбысты қашықтан басқару

Қолжетімді емес.



5.162-сурет

5.11 Зерттеу алдында пайдаланылған функциялар

■ Шамды ҚОСУ/ӨШІРУ (дайындау экраны)

Бұл функция 131-беттегі «■ Шамды ҚОСУ/ӨШІРУ» бөліміндегі функциямен бірдей.

- 1 «Lamp» параметрінің күйін өзгерту үшін, «Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Lamp» түймесін түртіңіз. Шамды ҚОСУ үшін «Lamp» түймесін түртіңіз. Шамды ӨШІРУ үшін «Lamp» түймесін басып тұрыңыз.



5.163-сурет

- 2 «Lamp» параметрінің күйі ауысып, «Lamp» түймесінде көрсетіледі.

5-м.

■ Ақ түс балансын реттеу (дайындау экраны)

Бұл функция 132-беттегі «■ Ақ түс балансын реттеу» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «White balance» түймесін түртіңіз.



5.164-сурет

■ AFI түс балансын реттеу

Бұл функция AFI бақылау режимінде эндоскопиялық кескіндерді тиісті түс балансында көрсетуге арналған.

Үйлесімді емес эндоскоптарды пайдаланғанда осы операцияны өткізіп жіберуге болады. AFI түс балансының реттеуі екі рет орындалды. Осы бейне жүйесінің орталығы пернетақтадан немесе алдыңғы панельден кірістерді 2-ші AFI түс балансының реттеуі аяқталмағанша қабылдамауға арналған. Бейне жүйесінің орталығын ҚОСҚАННАН кейін, ақ түс балансын және AFI түс балансының реттеулерін міндетті түрде орындаңыз. Қосымша мәліметтерді AFI түс балансының қақпағына арналған пайдалану нұсқаулықтан қараңыз.


ЕСКЕРТУ

- AFI түс балансының реттеуі аяқталмағанша, бейне жүйесінің орталығын ӨШІРМЕҢІЗ немесе эндоскопты LUCERA бейнескоп кабелінен ажыратпаңыз. AFI түс балансы реттеуінің деректері эндоскоптың жад микросхемасына сақталмауы мүмкін.
- AFI түс балансының реттеуі үшін AFI түс балансының қақпағын (MAJ-1588) пайдаланыңыз. AFI түс балансының реттеуі ақ қақпақпен (MH-155) қолжетімді емес.
- AFI түс балансының қақпағын қайта пайдалануға болмайды. Жаңа AFI түс балансының қақпағын AFI түс балансы реттеуінің жарамдылық мерзімінде пайдаланыңыз. Егер AFI түс балансының қақпағы қайта пайдаланылса немесе мерзімі өтсе, дұрыс реттеу мүмкін болмайды.
- Егер орамнан шығарғаннан 10 минут немесе одан көп уақыт өтсе, орампаған AFI түс балансының қақпағын пайдалануға болмайды. Жаңа AFI түс балансының қақпағын орамнан шығарғаннан кейін дереу пайдаланыңыз.
- AFI түс балансының реттеуін пайдалану алдында жарық көзінің шамы қосылғанын тексеріңіз.
- Тіпті AFI түс балансын реттеген соң, эндоскопиялық кескіндегі түстер ақаулы көрінсе, реттеуді қайта орындаңыз.
- Жарық кедергілерінің AFI түс балансын реттеу кезінде AFI түс балансының қақпағына еніп кетпеуіне жол бермеңіз. Реттеуді дұрыс орындау мүмкін емес.
- Егер бейне жүйесінің орталығын, AFI үйлесімді эндоскопын немесе жарық көзін (компоненттерді қоспағанда) жөндеп немесе ауыстырып жатсаңыз, AFI түс балансын реттеуін қайта орындаңыз.

5-т.


○ 1-ші AFI түс балансының реттеуі

- 1 Шамды ҚОСУ үшін «Home» қойындысындағы «Lamp» түймесін түртіңіз.




5.165-сурет

- 2 «AFI» параметрінің күйін ауыстыру үшін, «Home > Function list > Observ. > Observation1 tab.




5.166-сурет

- 3 «Home» қойындысындағы «White balance» түймесін басып тұрыңыз. AFI қақпағын түзету мәнінің экраны бақылау мониторында көрсетілетін болады.



5.167-сурет




5.168-сурет

5-m.


5.11 Зерттеу алдында пайдаланылған функциялар

- 4 AFI түс балансының қақпағы үшін дұрыс мән орнату үшін көрсеткі түймелерін түртіңіз.




5.169-сурет

- 5 AFI қақпағын түзету мәнінің экранында «End (Menu)» параметрін таңдау үшін көрсеткі түймелерін түртіңіз, содан соң «Enter» түймесін түртіңіз.




5.170-сурет

- 6 «Save» параметрін таңдау үшін растау хабарын орындаңыз, содан соң «Enter» түймесін түртіңіз.
- 7 AFI түс балансының қақпағын және эндоскопты бір уақытта ұстау үшін AFI түс балансының қақпағының (MAJ-1588) пайдалану нұсқаулығын қараңыз.



5.171-сурет


- 8 «White balance» түймесін басып тұрыңыз.



5.172-сурет

5-м.

- 9** Түс балансын реттеу аяқталғанда, AFI қақпағын түзету мәнінің экраны 2-ші әрекетке арналған бақылау мониторында қайта көрсетілетін болады. Әрекетті 222-беттегі «○ 2-ші AFI түс балансының реттеуі» бөліміне сәйкес жалғастырыңыз.



5.173-сурет


ЕСКЕРТУ

Егер түс балансын реттеу сәтсіз аяқталса, 2-қадамға оралып, әрекетті қайталап көріңіз.

5-м.


○ 2-ші AFI түс балансының реттеуі

- 1 AFI түс балансының қақпағы үшін дұрыс мән орнату үшін көрсеткі түймелерін түртіңіз.




5.174-сурет

- 2 AFI қақпағын түзету мәнінің экранында «End (Menu)» параметрін таңдау үшін көрсеткі түймелерін түртіңіз, содан соң «Enter» түймесін түртіңіз.



5.175-сурет


- 3 «Save» параметрін таңдау үшін растау хабарын орындаңыз, содан соң «Enter» түймесін түртіңіз.
- 4 AFI түс балансының қақпағының алшақ ұшын алып тастаңыз, содан соң оны AFI түс балансының қақпағына қайта енгізіңіз.
- 5 AFI түс балансының қақпағын және эндоскопты бір уақытта ұстау үшін AFI түс балансының қақпағының (MAJ-1588) пайдалану нұсқаулығын қараңыз.



5.176-сурет

5-м.

- 6** «White balance» түймесін басып тұрыңыз. Түс балансын реттеу аяқталғанда, «AFI color balance has been set» хабары бақылау мониторында көрсетілетін болады.




5.177-сурет

ЕСКЕРТУ

Егер түс балансын реттеу сәтсіз аяқталса, 219-беттегі «AFI түс балансын реттеу (1-ші әрекет)» бөліміне оралып, әрекетті қайталап көріңіз.


- 7** Көрсетілген «AFI color balance has been set» хабарынан бас тарту үшін көрсеткі түймесін немесе «Enter» түймесін түртіңіз.



5.178-сурет

5-м.

- 8** AFI түс балансын реттеуді аяқтау үшін «Close» түймесін түртіңіз.




5.179-сурет

■ Пайдаланушы параметрлерін жүктеу (дайындау экраны)

Бұл функция 126-беттегі «■ Пайдаланушы параметрлерін жүктеу» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Load User Preset» түймесін түртіңіз.




5.180-сурет

5-т.

■ Емделуші ақпаратын енгізу (дайындау экраны)

Бұл функция 130-беттегі «■ Емделуші ақпаратын енгізу» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Enter new patient» түймесін түртіңіз.



5.181-сурет

ЕСКЕРТУ


Негізгі беттегі «Enter new patient» түймесін түртуден кейін, операция туралы 130-беттегі «■ Емделуші ақпаратын енгізу» бөлімінен қараңыз.

5-m.

■ Тапсырыс іздеу (дайындау экраны)

Бұл функция 127-беттегі «■ Тапсырыс іздеу» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Search order» түймесін түртіңіз.



5.182-сурет


ЕСКЕРТУ

Негізгі беттегі «Search order» түймесін түртуден кейін, операция туралы 127-беттегі «■ Тапсырыс іздеу» бөлімінен қараңыз.

■ Емделуші ақпаратын жүктеу (дайындау экраны)

Бұл функция 129-беттегі «■ Емделуші ақпаратын жүктеу» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Load patient data» түймесін түртіңіз.



5.183-сурет

ЕСКЕРТУ


5-м.

Негізгі беттері «Load patient data» түймесін түртуден кейін, операция туралы 129-беттегі «■ Емделуші ақпаратын жүктеу» бөлімінен қараңыз.

■ Зерттеуді бастауды орындау


Бұл операцияда зерттеуді бастаңыз.

- 1 «Home > Function list > Prepare/End Exam > Preparation» қойындысындағы «Exam start» түймесін түртіңіз.



5.184-сурет

- 2 «Yes» түймесін түртіңіз.



5.185-сурет

- 3 Зерттеу басталады.


5-m.

5.12 Тексерудің соңында пайдаланылған функциялар

■ Зерттеуді аяқтауды орындау (зерттеуді аяқтау экраны)

Бұл функция 135-беттегі «■ Зерттеуді аяқтауды орындау» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function List > Prepare/End Exam > End exam» қойындысындағы «Exam end» түймесін түртіңіз.



5.186-сурет


ЕСКЕРТУ

Негізгі беттегі «Exam end» түймесін түртуден кейін, операция туралы 135-беттегі «■ Зерттеуді аяқтауды орындау» бөлімінен қараңыз.

■ Эндоскопты ажырату (зерттеуді аяқтау экраны)

Бұл функция 135-беттегі «■ Эндоскопты ажырату» бөліміндегі функциямен бірдей.

«Home > Function List > Prepare/End Exam > End exam» қойындысындағы «Disconnect scope» түймесін түртіңіз.



5.187-сурет


ЕСКЕРТУ

Негізгі беттегі «Disconnect scope» түймесін түртуден кейін, операция туралы 135-беттегі «■ Эндоскопты ажырату» бөлімінен қараңыз.

■ Эндоскопиялық кескіннің тасымалдануын үзу

Бұл операцияда эндоскопиялық кескіннің тасымалдануын үзіңіз.

- 1 «Home > Function List > Prepare/End Exam > End exam» қойындысындағы «Cancel image transfer» түймесін түртіңіз.



5.188-сурет


- 2 Эндоскопиялық кескіннің тасымалдануынан бас тартылады.

■ Сенсорлық панельдің жұмысын ажырату

5-m.


Бұл операцияда сенсорлық панельдің жұмысын ажыратыңыз.

- 1 «Home > Function List > Prepare/End Exam > End exam» қойындысындағы «Lock touch panel» түймесін түртіңіз.



5.189-сурет

- 2 «Touch panel is locked» хабары көрсетіледі, содан соң сенсорлық панель құлыпталады.




5.190-сурет

- 3 Құлыпталған сенсорлық панельді түртіңіз.

5.12 Тексерудің соңында пайдаланылған функциялар

- 4 Сенсорлық панельдің құлпын ашу үшін «Unlock» түймесін 5 секунд немесе одан артық басып тұрыңыз.



5.191-сурет

- 5 Сенсорлық панельдің құлпы ашылады.

5-т.

6-тарау Кескін экранында қолжетімді функциялар

Бұл операцияда сақталған кескінді шолыңыз.


ЕСКЕРТУ

Келесі жағдайларда, кескін қолжетімді емес екенін көрсететін белгіше көрсетілетін болады.

- Кескін жойылды.
- Шифрлауын ашу сәтсіз аяқталды.


6.1 Кескін деректерінің экранын көрсету

- 1 Алдыңғы панельдегі «images» түймесін басыңыз.



6.1-сурет

- 2 Кескін деректерінің экраны көрсетіледі.



6.2-сурет

6-т.

6.2 Кескіндер сақталатын қалталарды басқару

Кескіндер сақталатын қалталарды сүзгілеу, жою немесе тасымалдау.

■ Кескіндер сақталатын қалталарды сүзгілеу


Сүзгілеу шарттарына сәйкес келетін қалталарды көрсету.

Параметр мәні	Сипаттама
No filter	Сүзгілеу жоқ
Patient ID	Емделуші идентификаторы арқылы сүзгілеу
Exam date	Зерттеу күні бойынша сүзгілеу

6.1-кесте


6-т.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.3-сурет

- 2 «Filter» түймесін түртіңіз.



6.4-сурет

- 3 Сүзгі шартын таңдаңыз, содан соң «Search condition» параметрінің диалогтық түймесін түртіңіз.




6.5-сурет

- 4 Іздеу шартын енгізіп, «OK» түймесін түртіңіз.



6.6-сурет

- 5 «Execute» түймесін түртіңіз, содан соң іздеу нәтижесін тексеріңіз.



6.7-сурет

ЕСКЕРТУ

Тасымалдау күйі мен таңдалған қалталардың санына байланысты көрсетілген хабар өзгеше болады.

- 6 Іздеу нәтижесі көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ

Келесі жағдайларда, қалталар көрсетілмейді.

- Іздеу шарттарына сәйкес қалталар жоқ.
- Ішкі жадта/портативті жадта сақталған кескіндер жоқ.

6-т.


■ Эндоскопиялық кескіндері бар қалтаны жою

Кескіндер сақталатын қалтаны жойыңыз.

ЕСКЕРТУ


Жойылған қалталарды қалпына келтіру мүмкін емес.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жақты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.8-сурет

- 2 Жою қажет қалтаны таңдаңыз.



6.9-сурет

- 3 «Delete» түймесін түртіңіз.




6.10-сурет

ЕСКЕРТУ

Тасымалдау күйі мен таңдалған қалталардың санына байланысты көрсетілген хабар өзгеше болады.

6-т.

4 «Yes» түймесін түртіңіз.



6.11-сурет

5 Таңдалған қалта жойылады.


6-м.



■ Кескіндер бар қалтаны портативті жадқа немесе серверге тасымалдау


Кескіндер сақталатын қалтаны портативті жадқа немесе серверге тасымалдаңыз.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.12-сурет

- 2 Қалтаны таңдаңыз.




6.13-сурет

- 3 «Transfer» түймесін түртіңіз. Егер жіберілмеген кескіндер де, тасымалданған кескіндер де болса, 4-қадамды орындаңыз. Егер жіберілмеген кескіндер немесе тасымалданған кескін болса, 5-қадамды орындаңыз.



6.14-сурет

- 4 Параметр мәнін таңдаңыз, содан соң «OK» түймесін түртіңіз.




6.15-сурет

6-т.

ЕСКЕРТУ

Егер «Selected images» параметрі таңдалса, таңдалған қалтада сақталған барлық кескін тасымалданатын болады.

- 5 Тасымалдау орнын таңдаңыз, содан соң «OK» түймесін түртіңіз.



6.16-сурет

ЕСКЕРТУ

Сервер жалғанғанда, «Transfer location» бөлімінде сервер көрсетіледі және кескіндерді серверге тасымалдауға болады.

- 6 Таңдалған қалта тасымалданады.

6-т.




6.3 Кескіндерді пайдалану

Кескіндерді көрсету, жою, тасымалдау немесе басып шығару.

■ Фотосуретті көрсету


Ішкі/портативті жадта сақталған кескіндерді көрсетіңіз.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.17-сурет

- 2 Қалтаны таңдаңыз.



6.18-сурет

- 3 Эндоскопиялық кескін түймесін таңдап, «On display» түймесін түртіңіз.




6.19-сурет

ЕСКЕРТУ

Сол әрекетті орындау үшін нобай кескінін түртіңіз.

6-т.

- 4 Таңдалған кескін мониторда көрсетіліп, кескін көрінісінің экраны сенсорлық панельде көрсетілетін болады.



6.20-сурет

ЕСКЕРТУ

- Мониторда тікелей кескінді көрсету үшін «Close» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіннің емделуші ақпаратын көрсету үшін «Detailed info» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіндерді ауыстыру үшін сол/оң түймені түртіңіз.

■ Кескіндерді жою


6-м.

Ішкі/портативті жадта сақталған кескіндерді жойыңыз.

ЕСКЕРТУ


Жойылған эндоскопиялық кескіндерді қалпына келтіру мүмкін емес.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.21-сурет

2 Қалтаны таңдаңыз.




6.22-сурет

3 Жою қажет кескінді таңдаңыз. Егер кескінді тексергеннен кейін оны жойып жатсаңыз, «On display» түймесін түртіңіз, содан соң 4-қадамды орындаңыз. Егер кескінді тексермей жойып жатсаңыз, «Delete» түймесін түртіңіз, содан соң 5-қадамды орындаңыз.



6.23-сурет

4 «Delete» түймесін түртіңіз.




6.24-сурет

6-т.

ЕСКЕРТУ

- Мониторда тікелей кескінді көрсету үшін «Close» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіннің емделуші ақпаратын көрсету үшін «Detailed info» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіндерді ауыстыру үшін сол/оң түймені түртіңіз.

5 «YES» түймесін түртіңіз.



6.25-сурет

ЕСКЕРТУ

Көрсетілген хабар кескіндердің тасымалдау күйіне және кескіндер санына байланысты.


6 Таңдалған кескін жойылады.

■ Кескіндерді портативті жадқа немесе серверге тасымалдау

6-м.


Ішкі/портативті жадта сақталған кескіндерді тасымалдаңыз.

1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.26-сурет

2 Қалтаны таңдаңыз.




6.27-сурет

- 3** Тасымалдау қажет кескінді таңдаңыз. Егер кескінді тексергеннен кейін оны тасымалдап жатсаңыз, «On display» түймесін түртіңіз, содан соң 4-қадамды орындаңыз. Егер кескінді тексермей тасымалдап жатсаңыз, «Transfer» түймесін түртіңіз, содан соң 5-қадамды орындаңыз.



6.28-сурет

- 4** Кескінді тексеріңіз, содан соң «Transfer» түймесін түртіңіз.




6.29-сурет

6-т.

ЕСКЕРТУ

- Мониторда тікелей кескінді көрсету үшін «Close» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіннің емделуші ақпаратын көрсету үшін «Detailed info» түймесін түртіңіз.
- Көрсетілген кескіндерді ауыстыру үшін сол/оң түймені түртіңіз.

- 5** Параметр мәнін таңдаңыз, содан соң «OK» түймесін түртіңіз.



6.30-сурет

ЕСКЕРТУ


Сервер жалғанғанда, сервер «transfer location» ретінде автоматты түрде таңдалатын болады. Сондай-ақ, серверге тасымалдау қолжетімді болады.

- 6** Таңдалған кескін тасымалданады.

■ Кескіндерді басып шығару


Ішкі/портативті жадта сақталған кескіндерді басып шығарыңыз.

- 1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.31-сурет

- 2 Қалтаны таңдаңыз.




6.32-сурет

- 3 Эндоскопиялық кескін түймесін таңдаңыз, содан соң «On display» түймесін түртіңіз.



6.33-сурет


- 4 «Detailed info» түймесін түртіңіз, содан соң көрсетіліп тұрған кескін туралы емделуші ақпаратын, т.б. бөлімдерді тексеріңіз.



6.34-сурет

6-м.

- 5 «Print» түймесін түртіңіз. Көрсетілген кескін басып шығарылады.



6.35-сурет

ЕСКЕРТУ

- Кескінді түсті бейне принтеріне сақтап, оны басып шығару үшін «Capture w/ print» түймесін түртіңіз. 208-беттегі «○ Түсіру және басып шығару» бөлімін қараңыз.
- Кескінді түсті бейне принтеріне оны басып шығарусыз сақтау үшін «Capture w/o print» түймесін түртіңіз. 208-беттегі «○ Басып шығарусыз түсіру» бөлімін қараңыз.
- Түсті бейне принтерінің параметрлерін ауыстыру үшін «Video Printer» түймесін түртіңіз. 203-беттегі «■ Түсті бейне принтерінің параметрлерін өзгерту» бөлімін қараңыз.


6-т.

6.4 Жад туралы ақпаратты көрсету

Бұл әрекетте, ішкі/портативті жадтың пайдалану күйін көрсетіңіз.


- Зерттеулер саны
- Сақталған фотосуреттердің саны
- Сақталатын фотосуреттің қалған мөлшері
- Тасымалданбаған фотосуреттер саны

1 Көрсетілген кескіндер сақталатын жадты таңдау үшін, кескін экранындағы «Browsing memory switch» қойындысын түртіңіз.




6.36-сурет

2 «Memory information» түймесін түртіңіз.



6.37-сурет

3 Жадта сақталған контенттер көрсетіледі.




6.38-сурет

6-м.

6.5 Портативті жадтағы қалталардың құрылымы және кескін файлдары мен қалталардың толық ақпараты

Портативті жадтағы эндоскопиялық кескін файлдары бейне жүйесінің орталығымен автоматты түрде жасалатын қалтаға сақталады.



6.39-сурет

6-т.

○ Зерттеу кескінінің қалтасы (ExamImage)

Зерттеу кескінінің қалтасында сақталған кескіндер мен ойнатуға қажетті барлық ақпарат бар.

○ Зерттеу күні (YYYYMMDD)

Бір зерттеу қалтасы әр зерттеу күнінде жасалуы қажет. Қалта атауы келесідей.

- YYYYMMDD
 - YYYY: жыл
 - MM: ай
 - DD: күн

○ Зерттеу қалтасы (YYYYMMDDHHMMSS_ID_0001)

Әр зерттеуде эндоскопиялық кескіндер сақталуы қажет бір зерттеу қалтасы жасалады. Қалта келесідей аталады.

- YYYYMMDDHHMMSS_ID_nnnn
 - YYYY: жыл
 - MM: ай
 - DD: күн
 - HH: сағат
 - MM: минут
 - SS: секунд
 - Идентификатор: емделуші идентификаторы (максималды таңбалар саны — 15.)
 - nnnn: «nnnn» — төрт цифрлық нөмір.

ЕСКЕРТУ

- Пайдаланушы идентификаторы үшін пайдаланылатын «жартылай енді әріп-сандық таңбалар» және жартылай енді таңбалардан («\» «/» «:» «*» «?» «>» «<» «>» «|» «%» «#») пайдаланылған кезде, олардың барлығы «_ (астыңғы сызық)» болып өзгертіледі.
- «Patient data removal» параметрі «ON» болғанда немесе уақытша емделуші идентификаторын пайдаланғанда кезде, зерттеу қалтасы «YYYYMMDDHHMMSS_nnn» түрінде жасалады.
- Егер портативті жадта сақталуы керек зерттеу күні мен емделуші идентификаторымен бірдей зерттеу күні мен емделуші идентификаторы бар қалта бұрыннан болса, жаңа қалтаға арналған «nnn» біреуге артатын болады.

6-т.

○ Зерттеу кескінінің қалтасы (STILL)

Зерттеу кескінінің қалтасында зерттеу барысында жазылған эндоскопиялық кескін файлдары сақталады.

- STILLn: «n» — бір таңбалы сан

Бір зерттеу кескінінің қалтасында 1000 кескінге дейін сақтауға болады. Зерттеу кескінінің қалтасындағы зерттеу кескіндерінің саны 1000-нан асқан кезде жаңа зерттеу кескінінің қалтасы жасалады. Қалта атауы «STILLn» болады және «STILL» сөзінен кейінгі «n» бір санға артатын болады.

6.5 Портативті жадтағы қалталардың құрылымы және кескін файлдары мен қалталардың толық ақпараты

○ Зерттеу кескінінің файлдары

Кескін файлдары келесідей аталады:

- YYYYMMDDHHMMSS_ID_mmmm_PE_nnnn.jpg : JPG кескіні
- YYYYMMDDHHMMSS_ID_mmmm : Зерттеу қалтасының атауымен бірдей
- nnnn : «nnnn» — төрт таңбалы сан (жазу ретімен).

Файл пішімі ретінде «TIFF» пішімі таңдалғанда, кеңейтім «.tif» пішімі болады.

○ Жүйенің әкімшілік ақпараты бар қалталар (CV)

Әр параметрдің ақпараты сияқты жүйелік деректер қалталарда сақталады. Сондай-ақ, компьютер арқылы зерттеу ақпаратын қарауға арналған «CV-1500_ExamLink.html» файлы да сақталады.

6-т.

6.6 Жеке компьютер көмегімен кескіндерді ойнату


Портативті жадтағы кескін деректерін дербес компьютерден көруге болады.

Эндоскопиялық кескінді ойнату процедурасы туралы ақпаратты портативті жадқа арналған портативті жадқа (MAJ-1925, MAJ-2427) арналған орнату нұсқаулығынан қараңыз.

ЕСКЕРТУ

Компьютерді пайдаланғанда, портативті жадтағы деректерді тек «көшіріңіз». Деректер зақымдалуы немесе кескіндер портативті жадтан ойнатылмауы мүмкін.

- 1 Жеке компьютердің портативті жадын тиісті портына салыңыз.
- 2 Портативті жад салынған дискіні таңдаңыз.
- 3 CV қалтасын, содан кейін STUDY қалтасын ашыңыз.



6.40-сурет

6-т.

6.6 Жеке компьютер көмегімен кескіндерді ойнату

4 «ExamLink.htm» файлын ашыңыз (6.40-суретті қараңыз). Зерттеу қалталарының тізімі көрсетіледі.

Тексеру ақпараты

Exam date	ID	Name	Sex	D.O.B.	Age	
08:07/2015 17:41:08	abcde	John Smith	M	12/02/1960	54	20150807/20150807174108 abcde 001/ExamInfo.htm
08:07/2015 18:42:51	12345	Frank Neibauer	M	01/25/1956	59	20150807/20150807184251 12345 001/ExamInfo.htm
08:07/2015 19:43:28	fg hij	Jane Doe	F	03/05/1954	61	20150807/20150807194328 fg hij 001/ExamInfo.htm
08:07/2015 20:44:00	67890	Bob mason	M	01/13/1969	46	20150807/20150807204400 67890 001/ExamInfo.htm
08:07/2015 21:52:40	klmno	Marcus welby	M	08/31/1976	38	20150807/20150807215240 klmno 001/ExamInfo.htm

6.41-сурет

5 Зерттеу ақпаратын ашыңыз. Зерттеу кескіндерінің тізімі көрсетіледі.

Exam date	08 07 2015 17:41:08
ID	abcde
Name	John Smith
Sex	M
D.O.B.	12 02 1960
Age	54

		Enhance	Zoom	Observation mode	Comment
00001	20150807174108 abcde 001 PE 0001.jpg	A1	x1.0	WLI	
00002	20150807174108 abcde 001 PE 0002.jpg	A1	x1.0	WLI	
00003	20150807174108 abcde 001 PE 0003.jpg	A1	x1.0	WLI	
00004	20150807174108 abcde 001 PE 0004.jpg	A1	x1.0	WLI	

Зерттеу кескіні

6.42-сурет

6 Кескін файлын ашыңыз. Кескін көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ

- Емделуші туралы ақпарат келесі файлда сақталады.

ExamInfo.htm	«ExamLink.htm» файлын ашқан кезде көрсетілген емделуші туралы ақпарат сақталады.
Зерттеу кескіні	Емделуші туралы ақпарат Exif кескін файлы пішімінде сақталады.


- Егер кескін файлы «ExamLink.htm» файлының көмегінсіз ашылса, емделуші ақпараты көрсетілмейді.

6-т.

7-тарау **Қайта өңдеу, сақтау және ЖОЮ**

7.1 Қайта өңдеу

○ Бейне жүйесінің орталығы



EVIS X1 Бейне жүйесінің орталығы (CV-1500)

ЕСКЕРТУ

Су контейнерін (MAJ-901) су контейнерінің пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай орнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейне жүйесінің орталығын қайта өңдегенде, мекемедегі саясаттарды, мемлекеттік немесе жергілікті нұсқаулықтар мен химиялық өндірушінің нұсқауларын орындап, көзілдірік, бетперде, ылғал өткізбейтін киім және теріңіз көрінбейтіндей тиісті түрде киілетін және жеткілікті ұзын химиялық-сақтандырғыш қолғап сияқты сәйкес жеке қорғаныс жабдығын үнемі пайдаланыңыз. Бейне жүйесінің орталығына жабысып қалған қан, шырыш және басқа да жұқпалы болуы мүмкін материал инфекцияны бақылау қаупін тудыруы мүмкін.
- Мемлекеттік немесе жергілікті реттеу органдары растаған бетті зарарсыздандыру құралын пайдаланыңыз. Оған қоса, бет зарарсыздандыру құралының өндірушілері медициналық өнімдерге қолдануға рұқсат етілген бет зарарсыздандыру құралдарын пайдалануы керек. Рұқсат етілмеген бет зарарсыздандыру құралын пайдалану жеткіліксіз зарарсыздандыру әсеріне әкелуі мүмкін.

7-м.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер емделушінің қалдығы осы құралға тікелей немесе тікелей емес жабысса, зарарсыздандыру емделуші процедурасынан кейін 1 сағат ішінде орындалуы керек. Емделушінің қалдығы тиімді алуға және қайта өңдеу тиімділігіне кедергі келтіріп, құрғай және қата бастайды.
- Осы құралды жеткіліксіз қайта өңдеу оны ұстайтын емделушілерге және/немесе операторларға инфекциялық бақылау қауіп төндіруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Емделуші қалдығы осы құралдың саңылауына немесе ойығына кіргенде, оны өңдемей Olympus компаниясына хабарласыңыз. Егер зарарсыздандыруды күшпен орындап көрсеңіз, зарарсыздандыру ерітіндісі осы құралдың ішіне кіріп, өртке және осы құралдың ақаулығына әкеледі.
- Спрей түріндегі медициналық заттарды бейне жүйесінің орталығына тікелей қолданбаңыз.
Медициналық заттар шығыс ұяға кіріп, осы құралдың ақаулығын шақырады.

ЕСКЕРТУ

- Шығыс ұяны және АТ қуат кірісін қайта өңдемеңіз. Оларды қайта өңдеу әрекеті бейне жүйесі орталығының зақымдалуына әкелетін сымдардың өзгеруіне немесе коррозиясына әкелуі мүмкін.
- Бейне жүйесінің орталығын суға салмаңыз, газбен немесе автоклавпен залалсыздандырмаңыз. Мұндай әдістер осы құралды зақымдайды.
- Қажет болған кезде, шаңдарды желдеткіш торларынан шаңсорғышпен тазалап, сорып алыңыз. Болмаса, бейне жүйесінің орталығы бұзылып, қызып кетуден зақымдалуы мүмкін.
- ЖАРЫҚ КӨЗІ РОЗЕТКАСЫН ТАЗАЛАУ ЖИНАҒЫ (MAJ-2087, міндетті емес) арқылы шығыс розеткасын жиі тазалаңыз. Мәліметтерді ЖАРЫҚ КӨЗІ РОЗЕТКАСЫН ТАЗАЛАУ ЖИНАҒЫНЫҢ пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

7-м.

■ Бет зарарсыздандырғыш құралы

7.1-кесте бөлімінде көрсетілген сипаттамалары бар ауруханада пайдалануға арналған сутек пероксиді бетін зарарсыздандырғыш құралын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ

Мемлекеттік реттеу органы мақұлдаған/растаған бетті зарарсыздандырғыш құралын пайдаланыңыз.

Бет зарарсыздандырғыш құралы	Сутек пероксиді
Пайыздық ерітінді	Сұйытылмаған ерітінді
Зарарсыздандырғыш концентрация	1,5 г/100 г сутек пероксиді
Компонент	Сутек пероксиді, гликоль қышқылы
Басқалар	Зарарсыздандырғыш және тазалау құралы ретінде әрекет етеді Шаю қажет емес

7.1-кесте Сипаттамалары бар сутек пероксиді бетін зарарсыздандырғыш құралы

Зарарсыздандырғыш құралы өндірушісінің концентрация, құрғату, температура, байланысу уақыты, пайдалану мерзімі және жарамдылық мерзіміне қатысты нұсқауларын орындаңыз.

7.2-кесте бөлімінде көрсетілген бет зарарсыздандырғыш құралы тексеруге пайдаланылды.

Сауда атауы	Түрі	Өндіру
Incidin™ OxyFoam S	Hydrogen Peroxide	ECOLAB

7.2-кесте Бет зарарсыздандырғыш құралы тексеруге пайдаланылды

7-т.

■ Қайта өңдеуден болған бұзылудың белгілері

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қате қайта өңдеу бейне жүйесі орталығының жарамдылық мерзімін едәуір азайтуы мүмкін.

Келесіні болдырмаңыз.

- Өндірушінің нұсқауларын сақтамай қайта өңдеу.

■ Жабдықты қайта өңдеу үшін дайындау


○ Қажетті жабдық

Келесі жабдық осы тарауда сипатталған қайта өңдеу қадамдарын орындауға дайындалады.

○ Жеке қорғаныс жабдығы (мысалдар)



Қорғаныс көзілдірігі



Қорғаныс маскасы



Ылғалдан қорғайтын киім



Химиялық әсерге төзімді қолғап^{*1}

○ Қайта өңдеу үшін пайдаланылатын химикаттар

- Бет зарарсыздандырғыш құралы
(«■ Бет зарарсыздандырғыш құралы» бөлімін қараңыз)

○ Басқасы

- Таза, түксіз шүберектер^{*2}

7.3-кесте Қажетті жабдық

*1 Теріге әсер етуді болдырмау үшін жеңі ұзын қолғап ұсынылады.

*2 Құралдың компоненттеріне түктің немесе шүберек талшықтарының тіреліп немесе түсуін болдырмау үшін, қайта өңдеуге түксіз шүберектер ұсынылады.

■ Қайта өңдеу процедурасы

○ Бейне жүйесінің орталығына арналған қайта өңдеу жұмыс процесі

Бұл тарауда бейне жүйесінің орталығын қайта өңдеудің жұмыс процесі сипатталады.

- 1** Бейне жүйесі орталығының пайда болғанын тексеріңіз.
- 2** Егер емделушінің қалдығы осы құралға тікелей немесе тікелей емес жабысса, 256-беттегі «○ Дезинфекциялау» бөлімін қараңыз. Кері жағдайда, келесі қадамды міндетті түрде орындаңыз.
- 3** Егер мемлекеттік, жергілікті немесе мекеменің стандарттарына сәйкес зарарсыздандыру қажет болса, 256-беттегі «○ Дезинфекциялау» бөлімін қараңыз. Кері жағдайда, 257-беттегі «○ Тазалау» бөлімін қараңыз.



7-т.

○ Дезинфекциялау


ЕСКЕРТПЕ

Бет зарарсыздандыру құралының өндірушісі берген пайдалануды (температура, әрекеттесу уақыты, пайдалану мерзімі) және мөлшерді (концентрация) сақтаңыз. Өндірушінің нұсқауларын сақтамау жеткіліксіз тазалау және зарарсыздандыру әсеріне әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Бет зарарсыздандырғыш құралы өндірушісінің нұсқауларына сәйкес бет зарарсыздандырғыш құралы ерітіндісінің қалдығын сүртіңіз. Бұл әрекетті орындамау адам денесіне немесе осы құралға теріс әсер етуі мүмкін.

- 1 Бейне жүйесінің орталығын ӨШІРІП, қуат сымын денсаулық сақтау мекемесінде пайдалануға арналған қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
- 2 Бет зарарсыздандырғыш құралымен ылғалдандырылған түксіз шүберекті дайындаңыз.



7.1-сурет

- 3 Бейне жүйесінің орталығынан барлық емделуші қалдығын ылғалды түксіз шүберекпен сүртіңіз.
- 4 Бет зарарсыздандырғыш құралымен ылғалдандырылған басқа түксіз шүберекті дайындаңыз.



7.2-сурет

7-т.

- 5 Ылғалдандырылған түксіз шүберекпен сүрту арқылы, бұған дейін емделуші қалдығы (3-қадамды қараңыз) болған беттерді зарарсыздандырыңыз.
